

Менеджмент фармацевтикалық қызмет атқарады

Орындаған: Еркебаев А

Фармацевт

- **Фармация** (грек. pharmakeia — дәрі, дәріні қолдану) — денсаулық сақтау ісінің халыққа дәрімен көмек көрсетуді іске асыратын бір саласы. Фармацияның теориялық негізіне дәрілік заттарды анықтау, іздеу, оларды зерттеу, дайындау, қалыптау және шығару, сұрыптау, стандарттау, сақтау, тарату және фармациялық қызметті ұйымдастыру жатады. Фармация ұғымы ертеден белгілі. Алғашқы кезде емдейтін адам өсімдік, жануар және минералдық заттардан алынатын дәрілерді өзі дайындап, науқасқа өзі тағайындады. Сондықтан да мұндай емдеулер көп жағдайда әр түрлі әдет-ғұрып және ырым-жоралармен жасалды. Біртіндеп дәрілік шикізаттарды жинайтын, олардан әр түрлі дәрілер жасап, дұрыс сақтап, сататын адамдар шыға бастады. Ежелгі Мысырда оларды фармаки (аурудан жазатын, қауіпсіздік сыйлайтын адам) деп атады.

Провизор (provisor) деген мамандық бар. Латын тілінен аударғанда, дәрі-дәрмек даярлаушы деген мағынада. Өте сирек кездесетін мамандық. Осы саланың түп атасы – шығыстың ұлы ғұламасы Әбу Әли Ибн Сина (Авиценна) бабамыз



Бар ауруға ем табар, фармацевт
деген маман бар



Бүгінде фармацевттер нағыз сұраныстағы мамандар. Еліміздің әр аймағында дәріханалар, фармацевтикалық компаниялар көптеп ашылуда. Одан бөлек дәрі-дәрмек жасап шығаратын зауыттар да өз жұмысын ілгерілетіп келеді.



аптека
доброто дня

Фармацевт-менеджер

- Фармацевт-менеджер модулі фармацевтика факультетінің негізгі құрылымы болып табылады. Қазіргі уақытта оқу үрдісі кредиттік технология жүйесімен қазақ және орыс тілдерінде оқытылады. Модулде 2, 3, 4, 5 курстар ГОСО – 2006 бойынша бакалавриатта оқытылады . Оқыту 4- базалық және 10 – элктивтті пәндер бойынша жүргізіледі. 1,3 және 4 курс студенттері оқыту-өндірістік тәжірибеден өткізіледі. Сонымен қатар «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша магистр және докторанттар оқытылады. Магистрларға педогогикалық және ғылыми- зерттеу тәжірибелері жүргізіледі.



Фармацевт- менеджер қызметінің бағыттары

- Дәріхана ұйымдары мен фармацевтикалық кәсіпорын жетекшілері
- Фармацевт- менеджер (аймақтық менеджер, офис менеджер, администратор, сатып алу бойынша менеджер (логистика), дәрілік заттармен қамтамасыз ету менеджері)
- Фармацевт- инспектор
- Фармацевт- информатор
- Медициналық (фармацевтикалық) өкіл
- Фармацевт- маркетинг- товаровед
- Дәріханадағы мерчандайзер- консультант
- Көтерме сауда саласындағы фармацевт
- Бөлшек сауда саласындағы фармацевт

Мақсаты.

- Заманауи ғылым мен тәжірибе жетістіктеріне сүйене отырып, құзыреттілігін үздіксіз көтеру мен шығармашылық ынтасын дамыту арқылы фармацевтикалық өндіріс пен медицина саласында жылдам өзгертін кез-келген жағдайларға тез үйренетін фармацевтикалық және медициналық саладағы жоғары білікті бәсекеге мамандарды дайындау

Қазақстандағы фармация

- *Қазақстанда Фармация саласындағы ғылыми-тәжірибелік жұмыстар 1951 жылы басталды, олармен қазір Қазақ ұлттық медицина университетінің фармацевтика факультеті, [Алматы](#) дәрігерлер білімін жетілдіру институтының клиник. Фармакология кафедрасы, республиканың жоғары медициналық оқу орындарындағы арнайы кафедралар шұғылданады. 2006 жылы мәлімет бойынша Қазақстан Республикасында 3228 дәріхана, 1144 дәріханалық пункттер, 2358 дәріханалық киоскілер, 626 дәріханалық қоймалар, 115 фармацевтік өндірістер жұмыс істейді. Республикада фармацевтика жүйесінде 12 мыңнан астам адам қызмет етеді, олардың 5,5 мыңы жоғары дәрежелі мамандар.*

Әдебиеттер.

- [Қазақ Энциклопедиясы", 9 том](#)
- <http://saq.kz/posts/199>
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A4%D0%B0%D1%80%D0%BC%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F>
- <http://pharmacy.kaznmu.kz/%D1%84%D0%B0%D1%80%D0%BC%D0%B0%D1%86%D0%B5%D0%B2%D1%82-%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D0%B5%D0%B4%D0%B6%D0%B5%D1%80-%D0%BC%D0%BE%D0%B4%D1%83%D0%BB%D1%96/>

Назарларыңызға рахмет

